



Автор: Альмуханбетова Кульшайра Жусупбековна
Пән: География
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Табиғи-аумақтық кешендер
Тақырып: Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.5.1. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді
Сабақтың мақсаты:	☐ географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын түсіндіре алады; ☐ географиялық қабықтың құрамы мен құрылысының негізгі ерекшеліктерін түсініп, ажыратады; ☐ географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, маңызын сипаттайды;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар қолданады: Мәтінді оқу арқылы және жұпта талдау арқылы оқушыларда тыңдалым, айтылым, жазылым дағдылары қалыптасады. Видео ақпараттар негізінде сұрақтарға толық жауап бере алады Пәнге қатысты терминдер мен негізгі сөз тіркестері: Географиялық қабық, аумақтық табиғат кешені, антропогендік табиғат кешені, ландшафт, иерархия Диалогтер жазу үшін қолданылатын тіркестер: Географиялық қабықты құрайтын компоненттергеографиялық қабықтың құрылымдық бөліктері Географиялық қабық ерекшеліктері..... Ландшафтың ең қарапайым элементі.....
Бағалау критерийлері:	Географиялық қабықтар арасындағы байланысты түсінеді; географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, сипаттайды;
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік ел» жалпыұлттылық идеясының құндылықтары Құндылықтарға баулу- Жұптық жұмыста оқушылар бір-бірін тыңдап, ойларын ашық жеткізіп ынтымақтастықта жұмыстанады.
Пәнаралық байланыс:	тарих (жер қыртысының даму тарихы) биология (өсімдіктер, жануарлар, бактериялар, ұсақ жәндіктер, өсімдік құрамындағы органикалық зат) экология (қоршаған табиғат)
Бастапқы білім:	7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5 мин)	Шаттық шеңбері негізінде сыныпта жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру. Сиқырлы көл тренингі Мақсаты: Жеке тұлға өзін-өзі құрметтеуге, сыйлауға үйрету, өзін-өзі бағалауға үйрету. Мазмұны: Қатысушылар дөңгелене отырып, көздерін жұмады. Қазір мына қорапты бір-біріңе кезекпен жалғастыру керек. Қорапты алған адам көзін ашып, қораптың ішін қарайды, оның ішінде әлдебір керемет көл бар, сол көлдің ішінде жер бетінде, ең тамаша адамды көресіздер. Оған күлімсіреп қарау қажет. Құрал –жабдықтар: қорап, айна.(қорапша ішінде айна болады, оқушылар өздерін көреді) Өткен сабақты қайталау ретінде «Топтастыр» ойынын ойнату. Оқушыларға алдын ала жануарлар дүниесінен, материктер мен мұхиттар, таулар, үстірттер, ойпаттар атаулары беріледі, оқушылар бұл атауларды тақтада ілініп тұрған қалташаларға топтастырады. Жұптардың ішінен ең жылдам жұп анықталады. Бағалау критерийі: Атауларды дұрыс топтастыру. ҚБ «Қол шапалақтау» әдісі	5e316f390e38316f3d441a4.png Image not found or type unknown
----------------------------------	--	---

Сабақтың ортасы (25 минут)	Жаңа сабақты түсіндірер алдында оқушыларға қабық туралы ұғым бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. Оқушыларға алдын ала 3 бөлікке бөлінген сабақ картасы таратылады. Оқушылар бүгінгі сабақты осы карта арқылы өтіп, меңгереді. I. Жеке жұмыс. «Топтастыр» ойыны Сабақ картасының 1 бөлігі бойынша оқушылар тақтада ілінген атаулар бойынша жердің географиялық қабықтың құрылымын өздері анықтауы тиіс. Бағалау критерийі: Географиялық қабықтың құрылымын анықтайды, сызбаға жазады. Дескриптор: – географиялық қабықтың құрамын біледі; – құрамдас бөліктері арасындағы байланысты сипаттайды. ҚБ «Лайк» әдісі II Жаңа сабақты түсіндіру. Bilimland сайтынан видео тамашалау Географиялық қабық – Жердің қабығы, оның шегінде атмосфераның төменгі қабаттары, литосфераның жоғарғы бөлігі, бүкіл гидросфера мен биосфера бір-біріне өзара еніп және бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынаста болады Географиялық қабықтың компоненттері – бұл тау жыныстары, су, ауа, өсімдіктер, жануарлар мен топырақ. Олар физикалық күйі (қатты, сұйық, газ тәрізді), қалыптасу деңгейі (тірі, өлі, биосірескен), химиялық құрамы, белсенділігі (инертті – жынысы, топырағы, мобильді – су, ауа, белсенді – тірі зат) бойынша ерекшеленеді. III Жеке жұмыс. Кітаппен жұмыс. Оқушыларға арнайы кеспе қағаздар таратылады. Оқушылар жетіспейтін терминді жазып, сөйлемді толықтыру қажет. 1 Жердің қабығы, оның шегінде атмосфераның төменгі қабаттары, литосфераның жоғарғы бөлігі, бүкіл гидросфера мен биосфера бір-біріне өзара еніп және бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынаста болатын орта _____ 2. _____ – бұл табиғи жағдайлары: климаты, жер бедері, топырақтары, сулары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі біршама біркелкі болатын жер бетінің бір бөлігі. 3. Құрлықта пайда болған табиғи кешендерді _____, ал мұхиттағы немесе басқа суқоймаларындағыны – _____ деп атайды 4. Табиғи-аумақтық кешендер уақыт өте өзгеріп отыруы мүмкін. Оларға адамның шаруашылық іс-әрекеті көп әсер етеді. Соңғы кездері ғаламшарда адамзат баласы қалыптастырған кешендер пайда бола бастады оларды _____ кешендер деп атайды. Инклюзивті білім беру 1. жердің ауа қабаты _____ 2. Жердің су қабаты _____ 3. Жердің тау, тас қабаты _____ IV Сыныппен жұмыс. Терминмен жұмыс. Т ерминдер бойынша білім бекіту мақсатында learningapps білім порталында терминмен жұмыс. Дескриптор: – Өтілген тақырып бойынша терминдерді біледі, –Географиялық қабықтың құрамдас бөліктерін ажыратады V Географиялық қабықтың құрылымын шекарасын графика түрінде анықтау learningapps білім порталы арқылы оқушылар жеке жеке географиялық қабықтың құрылымының шекарасын анықтайды . Дескриптор: географиялық қабық шекараларының таралуы туралы айтады; Географиялық қабық арасында байланыс жолдарын сипаттайды; ҚБ «Сөздік мадақтау» әдісі VI «Кластер» әдісі 1. Географиялық қабықтың құрамын анықтап, сызбаға жазыңыз. Дескриптор: Географиялық қабықтың құрамын анықтайды Құрамдас бөліктер арасындағы байланысты сипаттайды ҚБ: «Смайлик» арқылы бағалау	https://bilimland.kz/kk/courses/geografiya-kk/zher-bizding-ortaq-ujimiz/lesson/adam-men-tabihat-birge-qalaj-omir-suredi https://learningapps.org/display?v=pdrqquoaa20 https://learningapps.org/display?v=psddi650520 https://wordwall.net/ru/
Сабақтың соңы (10 минут)	plickers.com сайты арқылы қорытынды тест Үйге тапсырма: Кері байланыс: «Блоб ағашы» парағы беріледі. «Блоб ағашына» оқушылар өзінің бүгінгі сабақтағы жетістік деңгейін белгілейді	